

Үздіксіз қызметті қамтамасыз ету үшін тапсырыс берушілер сатып алатын, сондай-ақ конкурстың немесе аукционның қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге бір көзден сатып алатын күнделікті немесе апта сайынғы қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 наурыздағы № 341 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 3 қарашадағы № 659 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.11.2016 № 659 қаулысымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.04.2014 № 338 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 13-бабының 3) және 24-3) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған үздіксіз қызметті қамтамасыз ету үшін тапсырыс берушілер сатып алатын, сондай-ақ конкурстың немесе аукционның қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге бір көзден сатып алатын күнделікті немесе апта сайынғы қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.04.2014 № 338 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. "Үздіксіз қызметті қамтамасыз ету үшін тапсырыс берушілер сатып алатын күнделікті немесе апта сайынғы қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 қазандағы № 996 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 41, 467-құжат) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 19 наурыздағы
№ 341 қаулысымен
бекітілген

Үздіксіз қызметті қамтамасыз ету үшін тапсырыс берушілер сатып алатын, сондай-ақ конкурстың немесе аукционның қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге бір көзден сатып алатын күнделікті немесе апта сайынғы қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.04.2014 № 338 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.25 № 1671 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Тамақ өнімдері.
2. Жанар-жағармай материалдары.
3. А-4, А-3 форматты "қағаз".
4. Жолдарды қыста ұстау жөніндегі жұмыстар.
5. Тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер.
6. Жалғыз және туыссыз қайтыс болған азаматтарды жерлеу жөніндегі қызметтер.
7. Монша-кір жуу қызметтерін көрсету жөніндегі қызметтер.
8. Автокөлік қызметтері.
9. Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын орнату, монтаждау, жөндеу және пайдалану жөніндегі қызметтер.
10. Әкімшілік ғимараттарды ұстау жөніндегі қызметтер:
 - 1) ғимараттың ішкі үй-жайларын және қасбетін, сондай-ақ оған жапсарлас аумақты тазалықта ұстау;
 - 2) ғимараттарға жапсарлас аумақты абаттандыруды және көгалдандыруды жүргізу және ғимараттардың ішіндегі жасыл екпелерді күтіп-баптау;
 - 3) ғимараттардың ішкі үй-жайларын және оған жапсарлас аумақты санитарлық өңдеу;
 - 4) оларға жапсарлас аумақтан қоқыс пен қарды шығару;
 - 5) күзетпен, сигнализациямен және ғимараттарды, өрт қауіпсіздігі және оған жапсарлас аумақты күзету жөніндегі басқа да қондырғылармен қамтамасыз ету;
 - 6) сантехникалық, электромонтаждау жұмыстары.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.25 № 1671 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

11. Байланыс қызметтері (оның ішінде Интернет, спутниктік, телефон, фелдъегерлік, почта байланысы).

12. Ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу жөніндегі қызметтер.

13. Бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты орналастыру жөніндегі қызметтер.

14. Серверлік бөлмелерде өрт сөндіру және ауа баптау жүйелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер.

15. Аппаратты-бағдарламалық құралдарға жүйелік-техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер.

16. Нормативтік құқықтық актілердің жобалары мен заң жобаларының тұжырымдамаларын ғылыми сараптамадан өткізу жөніндегі қызметтер.

17. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге орталық мемлекеттік органдары актілерінің жинағын дайындау жөніндегі қызметтер.

18. Ғимараттарды, үй-жайларды және (немесе) құрылыстарды жалдау жөніндегі қызметтер.

19. Жалданатын ғимараттардың, үй-жайларды және (немесе) құрылыстарды ұстау жөніндегі қызметтер.

20. Қызметтік және арнаулы автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі қызметтер.

21. Ұйымдастыру техникасына шығыс материалдары мен картридждерді толтыру жөніндегі қызметтер.

22. Медициналық шығындыларды кәдеге жарату және медициналық мақсаттағы бұйымдарды стерильдеу жөніндегі қызметтер.

23. Мүгедектерге арналған санитарлық-гигиеналық құралдар.

24. Мүгедектер үшін жеке көмекшінің көрсететін әлеуметтік қызметі.

25. Естуі бойынша мүгедектер үшін ымдау маманының қызметі.

26. Мүгедектерді арнаулы автокөлікпен тасымалдайтын автокөлік қызметтерін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер.

27. Әкімшілік-аумақтық бірлікті ұстау жөніндегі қызметтер.

1) сыртқы жарықтандыру қызметтері;

2) декоративтік жарық түсіру қызметтері;

3) көшелерді, парктерді, саябақтарды, квартал ішіндегі аумақты жинау (механикалық жинау, қолмен), сондай-ақ қоқыс пен қарды шығарып әкету;

4) қазылатын шұқырлардың қондырғысы, одан су тартып шығару және жөндеу ;

5) нөсер кәрізін пайдалану;

6) субұрқақтарды ұстау жөніндегі жұмыстар;

- 7) селге қарсы іс-шаралар;
- 8) кәріздерден ағынды суларды шығару;
- 9) қаңғыбас жануарларды аулап жинау;
- 10) көмілген жерлерді ағымдағы ұстау.

28. Объектілерді күзету жөніндегі қызметтер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК